

4. Клишина М.В. Проблемы формирования творческого мышления. - М.: Знание, 1999. - 162 с.
5. Анциферова М.М. Психология формирования и развития личности. – М.: Просвещение, 1995. – 286 с.
6. Гатанов Ю.Б. Курс развития творческого мышления «ИМАТОН»: для детей 7-10 лет. – СПб.: ИМАТОН, 2019. – 159 с.
7. Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте // Хрестоматия по психологии. – 1999. – 213 с.
8. Страунинг А. Методы активизации творческого мышления. - М., - 2015. – 106 с.

ӘОЖ: 371.39

БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙ ТАПСЫРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Жасузакова З.К.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушының тұлғалық дамуына, өзіндік ойлауына, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған оқыту үдерісін қалыптастыру. Осы тұрғыда бастауыш сынып – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы әрі ең маңызды сатысы. Бұл кезеңде оқушының білімге деген құлшынысы, жаңа нәрсені танып-білуге деген қызығушылығы ерекше болады.

Алайда дәстүрлі үй тапсырмалары көбіне репродуктивті сипатта болып, оқушының ойлау қабілетіне, қиялына, ізденісіне жеткілікті түрде әсер етпейді. Сол себепті шығармашылық сипаттағы үй тапсырмаларын қолдану – оқушыны білімді жай ғана жаттап алуға емес, оны өз бетінше игеруге, талдауға және жаңа тәсілмен жеткізуге бағыттайды.

Шығармашылық үй тапсырмалары білім алушының танымдық қызығушылығын оятып, ізденісін арттырады, өзіндік ойлау мен шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Бұл өз кезегінде баланың оқу мотивациясын күшейтіп, оқуға деген жағымды көзқарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, мұндай тапсырмалар баланың өз қабілеттерін еркін көрсетуіне, дербестігін арттыруға сеп болады. Сондықтан бастауыш сынып білім алушыларының танымдық қызығушылығын дамытуда шығармашылық үй тапсырмаларын пайдалану – қазіргі білім беру кеңістігінде өзекті әрі маңызды мәселе болып табылады.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамыту мәселесі әрқашан мұғалім алдында тұртатын маңызды мәселе болып табылады. Педагогика тарихына Сократ шәкірттерінде әрдайым шындықты іздеп, логикалық ойлау қабілетін дамытты, Ж.Ж.Руссо білім алушыларға жаңа біліммен ақпарат әкелетін танымдық ой шиеленісіне мәжбүр ететін арнайы күрделі жағдайлар жасады, Песталонни және басқа оқытушылар бала дайын білім алып қана қоймай, оны өз бетінше әрі қарай іздестірін, өндірін алатындай етіп үйретті. Бұл мәселе өткен ғасыр педагогикасында толық зерттелін, негізделді. Ал, Ш.А.Амонашвили балалардың танымдық қызығушылығын оятуға, олардың пән мұғалімімен бірлескен қызметін, білім беру үдерісін ұйымдастыруға бағытталған оқытумен тәрбиелеу жүйесін жасады. Қызығушылық, әдетте, адамның оның қызметіне деген оң көңілін бағалау қатынасы негізінде анықталады. Танымдық қызығушылық танымдық қызмет саласында, оның барысында оқушы қажетті әдістерді, білім алу дағдыларын игерін, нәтижесінде білік қалыптасады [1].

Оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру және әр түрлі әдістерді, формалар мен жұмыс түрлерін қолдана отырып, кез-келген сабақтың барлық кезеңдерінде оқу процесіне қызығушылықты арттыру қажет. Оларға сараланған көзқарас, әртүрлі дидактикалық, үлестірмелі, иллюстрациялық материалдар, жеке жұмыс, техникалық оқыту құралдары және басқалар жатады. Оқушылардың әр сабақта ашылу қуанышын сезінуі өте маңызды, сондықтан олар танымдық қызығушылықты дамытады және өз күштеріне деген сенім қалыптасады [2].

Сабақта стандартты емес жағдайларды құру сонымен қатар оқу материалына танымдық қызығушылық пен зейіннің дамуын ынталандырады, оқушылардың белсенділігіне және олардың шаршауын жеңілдетуге көмектеседі. Жұмыс тәжірибесінде мұғалімдер көбінесе сабақ-конкурс, сабақ-ертегі, сабақ-ойын, сабақ-саяхат сияқты стандартты емес сабақ формаларын қолданады. Бұл сабақтардың барлығының өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ олардың әрқайсысы білім беру негізіндегі

ізгі ниет атмосферасын құруға мүмкіндік берін, қызығушылықтың оянуына ықпал етеді, оқушыларға білімді игеру процесін жеңілдетуге көмектеседі. Осы әдістер мен формалардың барлығын білу және қолдану арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығының айтарлықтай артуына қол жеткізуге болады [3].

Тиімді әдістердің алуан түрлілігі балалардың қызығушылығының пайда болуына және нәтижелерге ғана емес, сонымен бірге оқу процесінің өзіне, мұғалімге деген оң көзқарасына ықпал етіп, қиындықтарды жеңу кезінде өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі [4].

Қалайша қызығушылық пайда болады? Бұл – жануарларда да болатын бағдарлау-зерттеу рефлексінің әсерінен туындайды, яғни – қызығушылық. Оның танымпаздыққа айналуы үшін зияткерлік белсенділік қажет. Танымпаздық – танымдық әрекетке деген қажеттілікті ынталандырады, ол өз кезегінде белгілі бір пәнге немесе құбылысқа қызығушылықты тудырады. Осы тізбектің бірде-бір буыны жоғалып кетпеуі үшін ересектер баланың дамуының әр кезеңінде оны қолдап, көмектесіп отыруы қажет. Мазмұн – оқу қызметіне деген қызығушылықтың негізгі көзі болып табылады. Қызығушылық жайдан-жай пайда болмайды. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде дәлелденгендей, бала қайшылықпен бетпе-бет келгенде және сол қайшылықты шешуге талпынысы пайда болғанда ғана қызығушылық туындайды.

Қайшылықтар мынандай болуы мүмкін:

- бар білім мен жаңа нәрсені білуге деген ұмтылыстың арасындағы қайшылық;
- сабақтағы шектеулі қарым-қатынас мүмкіндіктері мен құрдастар ортасында және оның шегінен тыс кеңірек қарым-қатынасқа деген ұмтылыстың арасындағы қайшылық;
- баланың өз ұстанымын дәлелдеуге ұмтылысы мен оны жалпы міндетті оқу үдерісінде толық жүзеге асыру мүмкіндігінің шектеулілігі арасындағы қайшылық.

Пәнге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру үдерісі көптеген факторлардың ықпалымен жүреді. Ол факторларға мұғалім тұлғасы, пәннің мазмұны, оқытуды ұйымдастыру түрлері, оқыту әдістері, оқыту құралдары, танымдық әрекеттің түрлері, оқытудың материалдық қамтылуы, басқа факторлар (ата-аналар, саяхаттар, т.б.)

Мұғалімдер бұл факторларды күнделікті оқыту барысында шебер қолданады және келесі әдістерді пайдаланады:

- эмоционалды-адамгершілік тұрғыдан ынталандыру әдісі;
- қызықтыру арқылы ынталандыру әдісі;
- оқу үдерісіне қызықты мысалдар мен тәжірибелерді енгізу;
- қызықты ұқсастықтар әдісі;
- жекелеген табиғи құбылыстардың ғылыми және тұрмыстық түсіндірмелерін салыстыру әдісі;
- жаңалық, өзектілік жағдайларын жасау әдістері – мазмұнды ғылым мен техникадағы ең маңызды жаңалықтарға, қазіргі мәдениет, өнер, әдебиет жетістіктеріне жақындату;
- оқу үдерісінде ойындық жағдайларды құруға негізделген танымдық ойындар әдісі;
- танымдық дау-дамай жағдайларын жасау әдісі, оқу пікірталастарын ұйымдастыру әдісі.

Оқушыларды ғылыми пікірталас жағдайларына тарту олардың белгілі бір мәселелер бойынша білімдерін тереңдетін қана қоймай, сол тақырыпқа назарын аудартып, соның негізінде оқуға деген қызығушылықтың жаңа толқынын тудырады.

Оқушылардың сабақтан тыс уақытта оқу материалын өз бетінше, жеке зерттеп-үйренуінің ұйымдастырушылық формасы – бұл үй тапсырмасы. Ол оқушының ойлау әрекетін белсендіреді, себебі ол өз бетінше ой қорытып, шешім табуға, дәлелдеуге қажетті тәсілдер мен құралдарды іздеуге мәжбүр болады. Үй тапсырмалары оқушыны өзін-өзі бақылауға үйретеді, ұйымдастырушылық еңбек дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға ықпал етеді: оқушылар өз жұмыс орнын өздері ұйымдастырып, белгіленген уақыт тәртібін сақтауға, қажетті құрал-жабдықтар мен оқу материалдарын дайындауға тиіс.

Алайда, бұл бөлім оқушылардың көңілінен шыға бермейді. Біріншіден, бұл – мектептегі оқу сабақтарына қосымша жүктеме. Екіншіден, жиі жағдайда бұл – қызықсыз, жалықтыратын, бірсарынды жұмыс, ол жиі жауапкершіліксіз орындалады. Үшіншіден, оқушылар кейде тапсырманы дұрыс орындай алмайды, себебі әркімнің қабілеті әртүрлі. Осындай жағдайда көмекке шығармашылық үй тапсырмалары келеді.

Бұл тапсырмалар оқушыларға шамадан тыс жүктеме болмас үшін айына 1–2 рет қана беріледі және бір апта ішінде орындау мерзімімен белгіленеді.

Үй тапсырмаларының бірнеше түрі бар:

- дифференциалды тапсырмалар – репродуктивті, конструктивті және шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар;

- жеке тапсырмалар – дарынды оқушыларға арналған күрделілігі жоғары жаттығу және шығармашылық тапсырмалар;

- көлемді тапсырмалар – мәтіндерді мазмұндау, өлеңдерді жатқа оқу, оқушының қалауына қарай ұсынылған материал ішінен жаттығуларды таңдап орындау;

- шығармашылық тапсырмалар – сызбалар, кроссвордтар, ребустар құрастыру, ертегілер жазу, жобаларды қорғау және т.б.

Бұл тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, сабақта немесе үй тапсырмасын жоспарлауда да үлкен көмек береді. Мысалы:

1. Дифференциалды тапсырмалар:

Репродуктивті деңгей: Мәтінді оқып, негізгі ойды жазу. «Менің отбасым» тақырыбында 4–5 сөйлем жаз. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер (кім? не істеді? қайда?).

Конструктивті деңгей: Мәтіндегі кейіпкердің орнына өз нұсқанды ұсынып, оқиғаны аяқтау. Суретке қарап, оқиғаның басын, ортасын және соңын құрастыр. Ертегіні оқып, басқа аяқталуын ойлап жаз.

Шығармашылық деңгей: Осы тақырып бойынша шағын әңгіме немесе эссе жазу. «Егер мен жануар болсам...» тақырыбына шағын шығарма жаз. Туған күнін қалай өткізетінің туралы сурет салып, әңгімеле.

2. Жеке тапсырмалар:

Дарынды оқушыға: Ғылыми мақала негізінде баяндама дайындау немесе шағын зерттеу жобасын жасау. Белгілі бір тақырыпқа слайд-презентация жасау. Жаттығы тапсырма: 20-ға дейінгі сандарды 2-ге көбейтіп жаз. Жыл мезгілдері туралы қосымша мәлімет тауып кел.

Шығармашылық тапсырма: «Менің қиял әлемім» тақырыбына әңгіме жаз. Сыныптағы балалар үшін қызықты математикалық есеп құрастыр.

3. Көлемді тапсырмалар:

Ұсынылған 3 өлеңнің бірін таңдап, жаттап айту. Төмендегі өлеңдердің біреуін жаттап кел: «Ана тілім – асыл мұрамы», «Табиғат – тіршілік көзі», «Менің мектеп партам».

5 тапсырманың ішінен өзіне қызықты 2-еуін таңдап орындау. Мәтіндердің ішінен біреуін таңдап, мазмұнын айту. Суретке қарап мазмұндама жаз. Ертегінің қысқаша мазмұнын айт. Мәтін бойынша 5 сұрақ құрастыр.

4. Шығармашылық тапсырмалар:

Кроссворд немесе ребус құрастыру: «Мектеп құралдары», «Жануарлар әлемі» тақырыбы бойынша 5 сөзден тұратын.

Сызба жаса: «Жыл мезгілдері және олардың белгілері». Әр мезгілге сурет салып, атауларын жаз.

Өз ертегіңді жаз: «Егер мен сиқыршы болсам...», «Қарындаштың саяхаты» 5 сөйлемнен кем емес.

Жобаны қорғау: Мектептегі экологиялық бастама туралы жоспар құру немесе «Менің сүйікті жануарым» тақырыбында сурет салып, ауызша баяндама дайындау.

Тапсырмаларды орындаудағы өзіндік ізденісті арттыру бойынша ұсыныстар:

– өзіндік жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану, өйткені олардың ауысуы оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтеді;

– оқушылардың белсенділігі мен өзіндік ізденісін ынталандыратын таңқаларлық, қиындықтар, оларды шешудің жолдарын іздеу керек проблеманы енгізу;

– оқушының эмоционалды–ерікті және интеллектуалды психикалық процестерін белсендіретін шығармашылық жұмыстарды қолдану;

– теориялық білімді қолдану арқылы белсенділікті қалыптастыратын практикалық жұмыстарды қолдану.

Қиындықтарды жеңе алмайтын өзіндік ізденіс деңгейі төмен балалар үшін қолданған жөн:

– алгоритмі бар тапсырмалар;

– жауап жоспары бар тапсырмалар;

– дайындық жаттығулары бар тапсырмалар;

– нұсқаулығы бар тапсырмалар.

Өзіндік іздену мен оқытуды дамытуда заманауи ақпараттық технологиялар мектеп оқушыларының оқу іс–әрекетіне танымдық қызығушылығын арттыру құралы ретінде тиімді әсер етуі мүмкін. Пәндер бойынша презентациялар, жаратылыстану ғылыми жобалар, медиа эсселер, әртүрлі тест түрлері, анимациялық және бейне роликтер жасау, шығармашылық жобаларды әзірлеу және т.б. сияқты өзіндік жұмыстардың түрлері оқушыларының оқу іс–әрекетіне танымдық қызығушылығын арттыру процесіне ықпал етеді [5].

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Волостникова А.Г. Познавательные интересы и их роль в формировании личности: учеб.-метод. пособие / Уралск. гос. ун-т им. А. М. Горького. Свердловск, 2021. – 13 с.
2. Меньшикова Е.А. Психолого-педагогическая сущность познавательного интереса / Е.А. Меньшикова // Вестник ТГПУ. 2018. – №3. – 16–20 с.
3. Куликова В.А. Формирование у школьников познавательного интереса к математике (из опыта работы) / В. А. Куликова // Образование и наука. – 2010. – №6. – 132–142 с.
4. Литранович Ж. Т. Развитие познавательной активности и творческих способностей учащихся в контексте современных образовательных технологий / Ж. Т. Литранович, В. Д. Землянова // Педагогический альманах. – 2022. – № 1. – 94–99 с.
5. Смағұлова Г.Қ., Сагинтай А.М. Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамыту жолдары. Алтынсарин оқулары: Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялар: стратегиясы, міндеттері, енгізуі/ Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы, II кітап. - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2024.- Б.1030-1035

УДК 37.02

ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ В РАЗВИТИИ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ: ОПЫТ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ АПРОБАЦИИ

Жекибаева Б.А., Ефимович А.С.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

В условиях цифровой трансформации системы образования Республики Казахстан особое значение приобретает использование инновационных средств обучения, направленных на развитие метапредметных навыков [1]. Одним из таких навыков является креативное мышление – способность генерировать новые идеи, мыслить гибко и нестандартно. Особенно актуальным становится развитие этих способностей у младших школьников, когда происходит интенсивное формирование познавательной сферы [2, с.112].

Креативное мышление рассматривается как ключевой компонент успешного обучения и личностного роста. Исследования в области педагогики и психологии свидетельствуют о важности развития креативных способностей у детей на начальной стадии образования. В частности, на уроках литературного чтения дети учат не только основы понимания текста, но и развивают способность видеть новые смыслы, генерировать идеи и формулировать альтернативные интерпретации [3, с.35].

Цифровая трансформация образовательного процесса представляет собой внедрение информационных технологий, которые значительно изменяют процесс обучения. В Казахстане активно используются электронные учебники, онлайн-платформы и программы для развития определенных навыков. Одним из таких ресурсов является электронный учебник «Развитие креативного мышления младших школьников на уроках литературного чтения», который был апробирован в ходе нашего исследования [4].

Цифровизация образовательного процесса предоставляет новые возможности для развития креативного мышления у младших школьников, позволяя использовать интерактивные задания, мультимедийные ресурсы и электронные учебники. Это позволяет не только углубить знания детей, но и развить их способность к самостоятельному мышлению, творческому подходу к решению задач. Внедрение цифровых технологий на уроках литературного чтения способствует повышению интереса учащихся к обучению и созданию условий для более глубокого осмысления прочитанного.

В данной статье рассматривается опыт разработки и апробации обучающего контента электронного учебника, интегрированного в процесс литературного чтения.

Цель исследования – разработка и апробация электронного учебника, направленного на развитие креативного мышления младших школьников на уроках литературного чтения.

Экспериментальный этап исследования был направлен на апробацию авторской Программы для ЭВМ – электронного учебника «Развитие креативного мышления младших школьников на уроках литературного чтения» и оценку его эффективности как педагогического инструмента.

Эксперимент проводился с 10 февраля по 11 марта 2025 года на базе КГУ «Школа-лицей №66» города Караганды. В исследовании приняли участие 106 учащихся третьих классов, которые были разделены на: